

Қазақстан Республикасының астанасын Алматы қаласынан Ақмола қаласына көшіру тарихын көрсететін құжаттарды жинау, жүйеге келтіру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 18 ақпандағы N 233

Мемлекеттік және орталық органдарды Ақмола қаласына көшіруге байланысты құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, жинау, жүйеге келтіру және бұдан былай оларды сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивіне "Жаңа астана" архивтік қорын құруды ұйымдастыру тапсырылсын.
2. Ақмола қаласына көшірілетін мемлекеттік органдар мен ұйымдар, сондай-ақ облыстар мен Алматы қаласының әкімдері астананың көшуімен байланысты құжаттардың уақтылы іріктелуін және Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивіне мемлекеттік сақтауға берілуін қамтамасыз етсін.
3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивіне "Жаңа астана" қорының архивтік материалдарын сақтау және орналастыру үшін қосымша алаң бөлу туралы мәселені шешсін.
4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссияға және Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі